

*Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Микробиология және иммунология кафедрасы*

СӨЖ

Тақырыбы: “Вирустық гепатит қоздырғыштары”

Орындаған: 221 ЖМФ

Исахов К.А

Тексерген: Айтжанова Г.

А.

Қарағанды 2011 ж.

Мазмұны:


- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- ✓ Гепатит А вирусы
- ✓ Гепатит С вирусы
- ✓ Гепатит Е вирусы
- Қорытынды
- Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

Вирустық гепатиттер - жалпы клиникалық синдромдармен сипатталатын аурулар тобы - күрделі глобалді проблема.

Алғаш рет инфекциялық гепатитті басқа да бауыр аурулар арасынан бөлек нозология екенін 1888 ж. дәлелдеген орыс дәрігері С.П.Боткин. Сондықтан, ауруды көп жылдар бойы Боткин ауруы деп атап келген. Инфекциялық гепатит фекальды-оральды жолмен жұқтырылады. Сонымен қатар, ХХ ғасырдың 30-шы жылдары сары қызбаға (желтая лихорадка) қарсы егу барысында жаппай адамдардың сарғаюы байқалғандықтан, гепатиттің екі түрін ажыратқан. Біріншісін инфекциялық гепатит, ал парентералық манипуляцияда таралған гепатитті - сарысулық гепатит деп атады. Бірақ екі түрі де инфекциялық гепатитке жатады.

Вирустық гепатит А (HAV)



Вирустық гепатит А - адамның жұқпалы ауруы, бауыр зақымдануынан сарғаю және интоксикация байқалады. Гепатит А вирусын 1973 жылы С.Фейнстон қарамағында істеген зерттеушілер иммундық электрондық микроскопия арқылы тапқан.

Тұқымдасы: *Picornoviridae*
Туысы: *Hepatovirus*

Эпидемиологиясы

HAV адамға өте патогенді. БДСҰ мәліметтері бойынша (1987) ауру дамуы үшін тек 1 вирион қажет. Бірақ жұқпалы дозасы жоғары болады. Инфекцияның жұқтыру көзі науқас адам. Вирус науқасан көп мөлшерде сыртқы нәжімен шығады сарғаю басталар алдында 12-14 тәулік бұрын және сарғаю кезеңі 3 апта бойына. Жұқтыру механизмі - фекальды-оральды, ең алдымен ластанған су арқылы, тұрмыстық қатынаста және тағамдар арқылы. Ластанған су арқылы таралуы ең бірінші басты жұқтыру механизмі. Ауалы-тамшылы жолмен де таралады. Тұрғындардың сезімталдығы жоғары. Жиі 14 жасқа дейінгі балалар ауырады. Мезгілі - күз-қыс айлары.

Вирус жоғары температураға, қышқылға, май ертінділеріне, дезинфекциялайтын ертінділерге төзімді, төменгі температурада жақсы шыдайды. Сондықтан сыртқы қоршаған ортада вирус өте тұрақты, ұзақ сақталады.

Патогенезі

Инкубациялық кезеңі 15-50 тәулік, орташа - 28-30 тәулік, вирустың жұқтыру дозасына байланысты. Организмге түскен соң вирус регионарлық лимфа түйіндерінде көбейеді, қанға түседі, одан әрі бауыр клеткаларына жетіп жедел түрде өтетін диффуздық гепатит тудырады. Гепатоциттер мен бауырдың ретикулоэндотелиялық элементтерін зақымдайды. Бауырдың дезинтоксикациялық және қорғаныс қызметін бұзады. Бауыр клеткаларын зақымдауы белоктар, көмірсулар және пигменттік зат алмасуын бұзады, сондықтан қанда кей ферменттер деңгейі жоғары болады (альдолаза, аминотрансфераза және т.б.).

Клиникалық көрінісі

Гепатит А негізгі клиникалық көрінісі - сарғаю: инкубациялық кезеңі, продромалық кезеңі (сарғаю алды), сарғаю кезеңі, реконвалесценция. Сонымен қатар, көп жағдайларда ауру сарғаюсыз, симптомсыз өте алады (“айсберг феномені”).

Аурудан соң дамитын иммунитет тұрақты, ұзаққа созылады, вирусты нейтралдайтын антиденелер мен иммундық есте сақтайтын клеткаларымен қалыптасады.

Микробиологиялық диагностикасы

Гепатит А диагностикасына (маймылдарды жұқтырудан басқа) әртүрлі иммунологиялық әдістер ұсынған: комплементі байланыстыру реакциясы (КБР), иммунофлуоресцентті әдіс, иммундық жабысудың гемагглютинациясы (вирустық АГ + антидене комплемент көмегімен эритроциттерге адсорбцияланады және оларды жабыстырады). Бірақ бұл әдістерді сирек қолданады, себебі арнайы вирустық антигендер аз болады, ал иммунофлуоресценция реакциясы бауыр биопсияларын (биопсия) қажет етеді. Өте нақты әдіс болып иммундық электрондық микроскопия есептелінеді, бірақ жүргізуі өте қиын, қымбат тұрады. Сондықтан, иммунологиялық реакциялардан иммуноферментті анализ қолданады.

Емі және профилактикасы

Арнайы емі жоқ. Бауыр қызметін жаңдандыратын, дезинтоксикалық қасиеттері бар препараттар, диетотерапия қолданады.

Көп жылдар бойы гепатит А күресіне жоспарлы гаммаглобулин енгізілген. Бірақ осындай пассивті серопротектика ауруды төмендетпеді. Соңғы жылдары вакцино-профилактика қолдануда. Зерттеуде келесі вакциналар анықталған:

1. Толық вириондық - формалинмен әлсіретенкен вирустан жасалған;
2. субвириондық - ыдыратылған вириондардан дайындалады;
3. химиялық - химиялық жолмен тапқан аналогтардан дайындалады; гендік-инженерлік вакцина (HAV геномы осповакцина вирусының геномына ендірілген).

Жоғары эффективті вакциналар алынатын болса гепатит А ауруын едәуір төмендетуге болады.

Науқас адаммен байланыста болғандарға жедел түрде гаммаглобулинопрофилактика жүргізіледі.

Вирустық гепатит С (HCV)

Вирустық гепатит С - парентералдық жолмен жұқтырылатын жұқпалы ауру, бауыр зақымданады. Қоздырғыш - гепатит С вирусы (HCV) - осы кезге дейін таза күйінде табылмаған.

Тұқымдасы: *Flaviviridae*

Эпидемиологиясы

Инфекцияның жұқтыру көзі адам. Вирустың таралуы трансфузия арқылы қан және қан өнімдерін құйғанда немесе инструменттер арқылы жұқтырады. Сонымен қатар, тік арқылы ауру анадан ұрыққа таралады. Тұрғындардың арасында сезімталдығы жоғары. БДСҰ ақпараттары бойынша Африкада гепатит С 25% таралған, АҚШта трансфузиялық вирустық гепатиттің 90% гепатит С вирусымен қоздырылған. Эпидемиялық процестің таралуы гепатит С созылмалы түрде дамуы. Науқасан вирус аурудың алдында бірнеше апта бойы және ауру басталған соң 10 аптадан астам бөлініп отырады. Инкубациялық кезеңі гепатит В қарағанда 1 ай қысқа, яғни 6-8 апта. Клиникасы гепатит В ұқсас, бірақ жеңіл өтеді, науқас тез сауығады, сарғаю байқалмайды. 50% созылмалы гепатит дамиды, ал 20% бауырдың созылмалы бұзылыстары бауыр циррозы мен

Микробиологиялық диагностикасы

НСV қанда өте аз мөлшерде болғандықтан, басқа вирустық гепатиттерде қолданатын скринингтік әдістерде диагностикасы өте қиын. Сондықтан вирустық гепатит С диагностикасы үшін спецификалық вирустық белоктарға түзілген арнайы антиденелерді анықтайтын тест-жүйелер дайындалған, оны ИФА анықтауға болады. Сонымен бірге ДНҚ-зонд қолданады.

Вирустық гепатит E (HEV)

Вирустық гепатит E - адамның жұқпалы ауруы, бауыр зақымдануынан сарғаю мен интоксикациямен сипатталады.

Қоздырғышы - гепатит E вирусы (HEV) - сфералық формада, вирион диаметрі 27-30 нм, геномы бір жіпті фрагменттелмеген РНҚ.

Тұқымдасы:

Caliciviridae

Туысы: *Caliciviridae*

Эпидемиологиясы

Инфекцияның жұқтыру көзі - жұқпалы адам. Қоздырғыш организмнен нәжіспен бөлініп отырады. Жұқтыру механизмі - фекальды-оральды, негізгі таралу жолы - су арқылы. Топыраққа түскен вирустар грунттағы суларға таралады. Гепатит Е жиі ересектер - 15 жастан 29 жастағылар ауырады, жазғы айларында ауыл шаруашылықта жұмыс істеген адамдар арасында су ішуі күшейгенде. Гепатит Е су құбырларында күрделі ақаулар болған жерлерде - эндемиялық ауру ретінде таралған. Канал, арық суларын қолданатындар арасында таралған.

Микробиологиялық диагностикасы

Жедел гепатит Е диагнозы А, В және С гепатиттеріне теріс нәтиже берген әдістер арқылы қойылады. Иммунды электронды микроскопия қолданады. Қазіргі уақытта HEV антигендеріне пайда болған антиденелерді ажырату тест-жүйелері ұсынылған, яғни ИФА жүргізіледі.

Инфекциядан соң дамидын иммунитет тұрақты, өмірбақилық, вирусты нейтралдайтын антиденелер мен иммундық есте сақтау клеткаларымен қалыптасады. Гепатит Е мен гепатит А арасында қиылыса иммунитет қалыптаспайды.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, вирустық гепатит қоздырғыштары қазіргі кездегі ең танымал және жұқпалы инфекциялық аурулардың таралуына бірден – бір себеп. Бұл аурудың ағымы мен таралуы адамның жасын, жынысын, әлеуметтік статусын таңдамайды. Ауру қоздырғыштарынан сақ болудың жолдары әртүрлі, бірақ басты жолы адамның өз денсаулығына немқұрайлы қарау болып табылады. Сондықтан да, өз денсаулығымыз өз қолымызда екенін ұмытпағанымыз жөн.

Қолданылған әдебиеттер



1. Букринская А.Г. Вирусология // М:Медицина, 1986.
2. Вирусология в 3-х томах. Под ред. Б.Филдса, Д.Найна и др. // М:Мир, 1989. Т.1. – С.125-138.
3. Красильников А.П., Романовская Т.Р. Микробиологический словарь –справочник // Минск: Асар, 1999. – 399с.
4. Медицинская микробиология (под ред. В.И. Покровского и О. К. Поздеева). М.: Гэотар Медицина, 1998.